

**2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ОЛИМПИАДАСЫ  
ГЕОГРАФИЯДАН ТЕОРИЯЛЫҚ ТҮР ТАПСЫРМАЛАРЫ  
9 СЫНЫП**

**Тапсырманы орындау уақыты – 90 мин**

**1 - Тапсырма.** Келесі ұғымдарға анықтама беріңіз: изогалиндер, адыр, морена, делювий, метрополия (әр дұрыс жауапқа 2 ұпай. Барлығы 10 ұпай).

**2 - Тапсырма. Барлығы 10 ұпай.**

А) Қара теңізбен Коралл теңізінің қайсысы тұздырақ? Неліктен? Оны қандай физикалық - географиялық факторлармен түсіндіруге болады? (әр дұрыс жауапқа 1 ұпай. **Барлығы 2 ұпай**).

Б) Тұмандар көптеген шаруашылықтар үшін қолайсыз құбылыс болып саналады – көлік, рекреациялық қызмет, радиобайланыстар және т.б. Олардың шығуы үшін су буының конденсациясын тудыратын жағдайлар қажет. Негізінен адвекциялық тұмандар кеңінен таралған, олар ауаның жылы беткі қабаттан барынша салқын қабатқа ауысқан уақытында пайда болады.

Африканың физикалық-географиялық ерекшеліктеріне байланысты тұмандар жиі қайталанатын аудандарды атаңыз. Оны немен байланыстыруға болады? Осы жағдайларда климаттың қай түрлері мен қандай ландшафттар қалыптасқан? Сіз анықтаған аудандарда шаруашылықтың қандай салалары аталған құбылыстарға барынша әлсіз болып келеді және неліктен? (Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай. **Барлығы 4 ұпай**).

С) Аумағының көп бөлігі төрт климаттық және үш сағаттық белдеулерде орналасқан мемлекетті атаңыз. Қандай екі күнтізбелік айлардың ішінде оның аумағында Күн тас төбеде бір күн де тұрмайды? Өз жауаптарыңызды түсіндіріңіз. (Әр дұрыс жауапқа 4 ұпай. **Барлығы 4 ұпай**).

**Тест тапсырмалары**  
(әр дұрыс жауапқа 1 ұпай)

1. Қандай географиялық атау түбектің атауы болып табылады?
  - A. Сулавеси
  - B. Банги
  - C. Авалон
  - D. Тахо
  - E. Чурун
2. Әртүрлі бағытта әртүрлі жылдамдықпен литосфералық тақталардың жылжуы немен түсіндіріледі?
  - A. заттардың шөгуі
  - B. магнит өрісі
  - C. заттардың жоғарыға көтерілуі
  - D. заттардың пластикалық күйге ауысуы
  - E. заттардың құйын жылдамдығы
3. 200 м биіктікте орналасқан А нүктесінің атмосфералық қысымы – 760 мм тең, егер 800 м биіктікте орналасса, онда Б нүктесінің атмосфералық қысымы нешеге тең?

- A. 560 мм
  - B. 700 мм
  - C. 720 мм
  - D. 820 мм
  - E. 1360 мм
4. Егер өзен тереңдігі 1 м, ені 20 м, ал оның ағыс жылдамдығы 4 м/с болса, онда өзеннің шығыны қаншаға тең болады?
- A. 5 куб м/с
  - B. 16 куб м/с
  - C. 20 куб м/с
  - D. 60 куб м/с
  - E. 80 куб м/с
5. Бір мұхитта орналасқан аралдар жұбын табыңыз:
- A. Маврикий - Кергелен
  - B. Пхукет – Тонга
  - C. Палау – Лангкави
  - D. Мадейра – Никобар аралдары
  - E. Галапагос – Фолкленд аралдары
6. Ұзындығы 1738 км болатын материктегі ең ірі өзен. 1789 жылы оны ашқан саяхатшының құрметіне аталған. Алғашқыда «Түңілу» («Разочарования») өзені деп аталған.
- A. Амазонка
  - B. Ніл
  - C. Маккензи
  - D. Муррей
  - E. Хуанхэ
7. Әлемдегі ең ұзын тұщы сулы көл қандай мемлекеттің аумағында орналасқан?
- A. Боливия
  - B. Бразилия
  - C. Бруней
  - D. Бурунди
  - E. Бутан
8. Мұзастындағы Бентли ойпатында Антарктидадағы ең төменгі нүкте жасырылған. Оның биіктігі қанша?
- A. -40 м
  - B. 105 м
  - C. 560 м
  - D. 1050 м
  - E. 2540 м
9. Ла – Манш бұғазының ең жіңішке бөлігі,оны Дувр бұғазы деп те атайды:
- A. Скаггерак
  - B. Эресунн
  - C. Керчен бұғазы
  - D. Каттегат
  - E. Па-Де-Кале
10. «Жүретін», «жүріп бара жатқандай» көрінетін Оңтүстік Американың батпақты жерлерінде өсетін ағаштар:
- A. Араукария
  - B. Мангрлар
  - C. Секвойя
  - D. Кебрачо
  - E. Сейба

11. Оңтүстік Америкадағы климаттық ерекшелік (испан тілінен аударғанда кішкентай қыз баладеген мағынаны білдіреді), ол Эль-Ниньо фазасына қарама – қарсы:
- A. Ла-Эль-Нинья
  - B. Эль-Нинья
  - C. Ла-Нинья
  - D. Аль-Нинья
  - E. Ли-Ниньо
12. Моос шкаласы бойынша жұмсақ минералдар тобына не жатады?
- A. гипс
  - B. корунд
  - C. топаз
  - D. алмаз
  - E. кварц
13. Төменде көрсетілген тізімнен Қазақстандағы тектоникалық көлді табыңыз:
- A. Кеңгір
  - B. Шерубай
  - C. Сасықкөл
  - D. Жасылкөл
  - E. Көксарай
14. Жетісу Алатауы солтүстік мұздықтарының баурайынан бастау алатын, Балқаш алабына жататын өзен:
- A. Түрген
  - B. Ырғыз
  - C. Іле
  - D. Лепсі
  - E. Шелек
15. Лайбалшықты жанартаулар дамыған аудан:
- A. Алакөл көлінің жағалауы
  - B. Маңғыстау
  - C. Жалпы Сырт
  - D. Ұлытау сілемі
  - E. Мойынқұм құмдары
16. Жалпы Сырт бедері қандай өзен аңғарынан жырымдалған?
- A. Шаған
  - B. Лепсі
  - C. Сарысу
  - D. Басқан
  - E. Ембі
17. Торғай үстірті маңында қандай көлдер орналасқан?
- A. Теңіз
  - B. Қарасор
  - C. Сарықопа
  - D. Тұздықөл
  - E. Алакөл
18. Физико-географиялық аудандастырудың бейзоналық ықпалына (факторына) ... жатады.
- A. климаттық факторлар
  - B. ылғалдылық
  - C. шаңды дауылдар
  - D. теңіз шегінуі мен трансгрессиясы
  - E. жылдық орташа температура

19. Тентек өзені атырауының өсімдік жамылғысы мен жануарлар әлемін, табиғи кешенін қорғау мақсатындағы, сонымен қатар, сирек кездесетін шағалалар популяциясы бар қорық қай жылы құрылған?
- A. 1991
  - B. 1992
  - C. 1993
  - D. 1994
  - E. 1997
20. Риддер қаласының қала түзуші кәсіпорындары?
- A. КазЦинк
  - B. Казахмыс
  - C. Казазот
  - D. БИПЭК АВТО – Азия Авто
  - E. KAZ Minerals Plc
21. Қазақстандағы фосфорит кен орындары?
- A. Жетібай
  - B. Жаңатас
  - C. Каражанбас
  - D. Қаламқас
  - E. Бакырчик
22. Қазақстандағы ірі өнеркәсіп кәсіпорны. Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігінде болған, бірақ кәсіпорындардың бірігуі нәтижесінде жеке меншік иелігіне өткен болатын. Бақылау пакеттерін Glencore International швейцариялық компаниясы сатып алған.
- A. “Қазақстан Алюминий ” ААҚ
  - B. “Испат-Кармет” АҚ
  - C. “Қазақмыс” Корпорациясы” ААҚ
  - D. “Казмырыш” ААҚ
  - E. АО “Маңғистаумұнайгаз” АҚ
23. Қазақстан Респбликасы төменде көрсетілген ұйымдардың қайсысына мүше емес:
- A. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
  - B. Ұжымдық қауіпсіздік келісімі
  - C. Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымы
  - D. демократия мен экономикалық дамуға арналған ұйым
  - E. Ислам даму банкі
24. Қазақстандағы құрылыс материалдар өнеркәсібі ұсынады:
- A. Байланыстырғыш материалдар өндіру
  - B. Ағаш құрылмаларын дайындау
  - C. Болат арқауларын (арматуралар) дайындау
  - D. Минералдық шикізатты өңдеу
  - E. Минералдық құрылыс – шикізаттарын өндіру
25. Елдің экономикалық және әлеуметтік деңгейін анықтайтын көрсеткіш:
- A. елдегі қызмет көрсету мен барлық өндірілген өнімнен экспорттың үлесі
  - B. елдегі қызмет көрсету мен барлық өндірілген өнімнен импорттың үлесі
  - C. ЖІӨ құрылымындағы кен игеру өнеркәсібінің үлесі
  - D. халық санының өсу көреткіші
  - E. жан басына шаққандағы импорт көрсеткіші
26. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында әлемде 71 егеменді мемлекет болды. 1947 жылы ... мемлекет болды.
- A. 81
  - B. 91
  - C. 131
  - D. 156

Е. 160

27. Әдетте монарх билігі өмір бойы және ұрпақтан ұрпаққа мұрагерлікпен беріледі. Бірақ, бұл елде монархтарды бес жылдық мерзімге сайлайды.

- A. Бруней
- B. Малайзия
- C. Камбоджа
- D. Марокко
- E. Самоа

28. Біздің ғаламшарда ормандар шамамен 4 млрд га жерді алып жатыр, шамамен ... % құрлыққа тиесілі.

- A. 25
- B. 30
- C. 20
- D. 15
- E. 10

29. Гендік модификацияланған өнімдердің 95%-ын өндіретін алғашқы бестік мемлекеттің қатарына кіретін, жерінің көп бөлігі осы өнімдерді өндіруге бағытталған мемлекетті көрсетіңіз.

- A. Ресей
- B. Қытай
- C. Канада
- D. Аргентина
- E. Бразилия

30. Құпия Инков қаласы XV ғасырдың ортасында салынған. Оның атауын аударғанда «көне шың» деген мағынаны білдіреді. Оған испан отарлаушылары жетпес үшін, бұл көне қаланы тауға тығып қойған.

- A. Петра
- B. Фива
- C. Афина
- D. Мачу-Пикчу
- E. Мемфис

Барлығы: 30 ұпай

**БАРЛЫҒЫ: 50 ҰПАЙ**

**2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ОЛИМПИАДАСЫ**  
**ГЕОГРАФИЯДАН ТЕОРИЯЛЫҚ ТУР ТАПСЫРМАЛАРЫ**  
**10 СЫНЫП**

**Тапсырманы орындау уақыты – 90 мин**

**1 – Тапсырма.** Келесі ұғымдарға анықтама беріңіз: брекчия, гуано (кепкен саңғырық), маквис (мәңгі жасыл, тікенекті бұта), географиялық детерминизм, конурбация.  
(Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай. **Барлығы 5 ұпай**).

**2 – Тапсырма. Барлығы 10 ұпай**

А) Әдетте өзен жағалауларында қалалар жіпке тізілген моншақ сияқты тізбектеле орналасқан. Мысалы, Волга өзенінде 16 ірі қала орналасқан, оның ішінде 4-і миллионер қала. Амазонка өзенінде қандай қалалар орналасқан? Неліктен олар аз? (Дұрыс жауапқа 3 ұпай. **Барлығы 3 ұпай**).

Б) Солтүстік Мұзды Мұхит пайдалы қазбаларға өте бай. Қандай? Неліктен олар әлі күнге дейін игерілмей жатыр? (Дұрыс жауапқа 3 ұпай. **Барлығы 3 ұпай**)

В) Батпақтар Қазақстандағы көп таралмаған табиғи кешен болып табылады. Ежелден батпақты жерлер жаман жерлер болып танылып, олар қараңғы және сиқырлы әлеммен байланысады деген түсінік қалыптасқан. Қазіргі күндері шымтезек сілемдері «тасталған» жерлер қорына енгізілген, ал кейбір ғалымдар батпақтарды «биогеоценоз ауруы» деп атаған, оларды құрғату арқылы міндетті түрде «емдеу» қажет деп есептеген. Сонымен батпақтар табиғаттың ерекше артықшылықтарының бірі және олардың адам үшін маңызы зор екенін дәлелдеңіз. (Дұрыс жауап үшін 4 ұпай. **Барлығы 4 ұпай**).

**Тест тапсырмалары**  
(әр дұрыс жауапқа 1 ұпай)

1. Жердің жай орны Күннен алыс қашықтықта орналасуы қай айда байқалады?

- А. шілдеде
- В. сәуірде
- С. қаңтарда
- Д. қазанда
- Е. ақпанда

2. Қай сипаттама келесі ерекшеліктері бар материкке қатысты берілген: ең биік, оны Жердің барлық меридиандары басып өтеді.

- А. қазіргі вулканизмның болмауы
- В. ең суық
- С. ең кішкентай
- Д. биіктіктердің максималды алмасуы
- Е. барлық жауаптар дұрыс

3. Төмендегі сипаттамаларымен ерекшеленетін табиғат зонасында өмір сүретін жануарлар нұсқасын таңдаңыз: құрғақ және жаңбыр маусымы анық байқалады, шөпқоректі және тұяқты жануарлар көп кездеседі, температуралардың жылдық амплитудасы аз.

- А. арыстан, зебра, бөкен, носорог

- В. ленивец, теңбілшер, капибара, таутайлак  
С. бұлан, қоңыр аю, бұлғын, құдыр  
D. ақбөкен, сарышұнақ, қарақұйрық, дуадақ  
E. дұрыс жауабы жоқ
4. Табиғат зоналары көп материктегі географиялық нысандар көрсетілген нұсқаны таңдаңыз.  
A. Альпы, Балқаш, Сена, м. Марроки  
B. Аппалачи, Гурон, Рио-Гранде, м.Барроу  
C. м. Кабу-Бранку, Танганьика, Лимпопо, Ахаггар  
D. м. Байрон, Орталық ойпат, Муррей, Торренс  
E. дұрыс жауабы жоқ
5. Бір уақытта монархия және федерация бола алмайтын елді табыңыз:  
A. Малайзия  
B. БАӘ  
C. Аустрия  
D. Бельгия  
E. Бруней
6. Ағылшын тілді географияда «3W» (wheat, wine, wool) аймақ термині бар. Бидай, шарап және жүн деп аударылады. Бұл аймақты анықтаңыз.  
A. Жерорта теңізі  
B. Қытай  
C. дала зонасы  
D. экваторлық белдеу  
E. тропикалық белдеу
7. Халық саны бойынша ең көп қала астанасы болып табылатын елді табыңыз:  
A. Пәкістан  
B. Қытай  
C. АҚШ  
D. Германия  
E. Марокко
8. Масштабы 1:50000 болатын картада 2 км жол қандай ұзындықты біліреді?  
A. 4 см  
B. 40 см  
C. 0,4 см  
D. 25 см  
E. 6 см
9. Куриль аралдарында көбірек кездесетін тау жынысын табыңыз:  
A. гранит  
B. әктас  
C. гнейс  
D. базальт  
E. тұз
10. Дүниежүзінің саяси картасының (масштаб бойынша, мазмұны бойынша, проекция) дұрыс сипаттамасын табыңыз  
A. ұсақ масштабты, тақырыптық, азимуттық  
B. ірі масштабты, жалпы географиялық, поликонустық  
C. ұсақ масштабты, тақырыптық, цилиндрлік  
D. ірі масштабты, жалпы географиялық, конустық  
E. дұрыс жауабы жоқ
11. Дұрыс сәйкестікті табыңыз: бағынышты аумақ – метрополия  
A. Токелау – Жаңа Зеландия  
B. Жаңа Каледония – Ұлыбритания

- С. Гибралтар – Испания  
D. Бермуд аралдары - Нидерланды  
E. дұрыс жауабы жоқ
12. Әлемдік мұхиттың бөлігі мен тереңнен көмірсутек шикізатын өндіретін жетекші мемлекет арасындағы дұрыс сәйкестікті табыңыз:  
A. Солтүстік теңіз – Бельгия  
B. Гвиней шығанағы – Алжир  
C. Мексикан шығанағы – Венесуэла  
D. Баренц теңізі – Норвегия  
E. дұрыс жауабы жоқ
13. 42 метр биіктікке көтерілгенде атмосфералық қысымның сынап бағанасы қанша мм төмендейді?  
A. 2 мм сынап бағанасы  
B. 30 мм сынап бағанасы  
C. 15 мм сынап бағанасы  
D. 4 мм сынап бағанасы  
E. 10 мм сынап бағанасы
14. Жер шарындағы қандай бұлттар басқаларға қарағанда биікте қалыптасады?  
A. шарбы  
B. ұшпа  
C. қатпарлы  
D. қатпарлы-ұшпа  
E. дұрыс жауабы жоқ
15. Қазақстандағы ең алғашқы оралмандардың Отанына қоныс аударуы қай жылы басталды?  
A. 1921 ж. Орта Азия елдерінен  
B. 1954 ж. Қытайдан  
C. 1956 ж. Ресейден  
D. 1989 ж. Иран мен Ауғанстаннан  
E. 1991 ж. Монғолиядан
16. Жергілікті жердің жоспарына ... жатады.  
A. орта масштаб  
B. конустық немесе цилиндрлік проекция  
C. аудан орталықтарын белгілеу үшін масштабтан тыс белгілер  
D. өсімдік сипатының көрінісіне арналған аудандық шартты белгілер  
E. барлық жауаптар дұрыс
17. Қай нұсқада мемлекет астанасы дұрыс аталмаған?  
A. Мальта - Валетта  
B. Гренада – Сент-Джонс  
C. Лаос - Вьентьян  
D. Кипр - Никосия  
E. Тувалу - Фунафути
18. Гендік модификацияланған өнімдердің 95%-ын өндіретін алғашқы бестік мемлекеттің қатарына кіретін, жерінің көп бөлігі осы өнімдерді өндіруге бағытталған мемлекетті көрсетіңіз.  
A. Аргентина  
B. Канада  
C. Ресей  
D. Қытай  
E. Бразилия



19. Жер бетінде, географиялық орнын анықтау үшін оның тек бойлығын білу жеткілікті болатын, нүкте бар ма?
- A. ия, бұл Солтүстік полюс
  - B. жоқ, Жерде ондай нүктелер жоқ
  - C. ия, бұл Оңтүстік полюс
  - D. ия, Экватордағы кез келген нүкте
  - E. барлық жауаптар дұрыс
20. Судандағы ең көп таралған ауыл шаруашылық дақылдары қандай?
- A. күріш, арпа, банан, кокос
  - B. какао-атбас бұршақтары, зығыр, темекі
  - C. тары, арпа, темекі
  - D. бидай, соя, жер жаңғағы
  - E. маис, мақта, банан, жер жаңғағы
21. Балық экспорттаушы ірі аймақ:
- A. Атлант мұхитының солтүстік – шығыс бөлігі
  - B. Тынық мұхитының солтүстік – шығыс бөлігі
  - C. Тынық мұхитының солтүстік – батыс бөлігі
  - D. Оңтүстік – Шығыс Азия
  - E. барлық жауаптар дұрыс
22. 2012 жылы Қазақстанда 379 мың адам туылып, 141 мың адам қайтыс болды. Табиғи өсім 238 мың адамды құрады. Халықтың жалпы саны 16 911,9 мың адамды құрады. Табиғи өсімнің туу және өлім коэффициентін есептеңіз.
- A. 37,9‰, 14,1‰ және 23,8‰
  - B. 22,4‰, 8,3‰ және 14,1‰
  - C. 0,63‰, 0,59‰ және 0,04‰
  - D. 23,8‰, 14,1‰ және 9,7‰
  - E. 24‰, 9,4‰ және 14,6‰
23. Төменде көрсетілген тізімнен тоқыма өнеркәсібінің құрамына кірмейтін саланы табыңыз:
- A. Зығыр
  - B. Былғары
  - C. Киіз басу
  - D. Трикотаж
  - E. Кендір - кенеп
24. Азиядағы ең солтүстіктегі «алтымыңдық» Тянь-Шаньның тура орталығындағы Меридиональды жотасында орналасқан. Ол Хан Тәңірі шыңынан кейін екінші орында.
- A. Бесбақан шыңы
  - B. Ишанбұлақ шыңы
  - C. Совет шыңы
  - D. Мәрмәр қабырға төбесі шыңы
  - E. Талғар шыңы
25. Түн ортасында солтүстік жарты шарда бұлтсыз ауа-райында айдың толған кезіндегі Ай көрінетін көкжик тұсын табыңыз:
- A. ай көрінбейді
  - B. шығыс
  - C. солтүстік
  - D. батыс
  - E. оңтүстік
26. Қай қала Каспий теңізінің батыс жағалауында орналасқан?
- A. Ақтау
  - B. Энзели
  - C. Баку

D. Астрахань

E. Атырау

27. Бұл жел өзімен аттас тау асуында соғады. Жаз мезгіліндегі ең жоғары жылдамдығы 28 м/с, көктем мен күз мезгілінде 34 м/с болады. Кей уақыттары жел жылдамдығы 40 м/с (144 км/сағ) жетеді. Осы жел қуатын пайдаланатын жел электр құрылғылары жақын маңдағы Мұзбелді ауылды мекенін электр қуатымен қамтамасыз етеді.

A. Қордай

B. Сайқан

C. Шелек

D. Ебі

E. Арыстанды-Қарабас

28. Төменде көрсетілген өзендердің қайсысы Қазақстан аумағында түгел жатыр.

A. Есіл

B. Шу

C. Іле

D. Тобыл

E. Нұра

29. Бенгаль шығанағында орналасқан Коралл аралдары:

A. Андаман аралдары

B. Никобар аралдары

C. Зонд аралдары

D. Маршалл аралдары

E. дұрыс жауабы жоқ

30. Финляндия мен Швецияны бөліп жатқан шығанақ:

A. Венециан шығанағы

B. Генуэз шығанағы

C. Лион шығанағы

D. Босния шығанағы

E. Па-де-Кале шығанағы

31. Қазақстандағы көптеген кәсіпорындар сияқты, бұл фабрика да өзінің екінші үйін, Ұлы Отан Соғысы кезіндегі көшіруден кейін тапты. Бұл фабриканың бастапқы кезеңі, Астраханнан бірінші эшелонмен жабдықтардың келуімен байланыстырылады. Жарты ғасырдан көбірек компания тарихында өндірілген өнімнің жиынтық көлемі 1 млн. тонна өнімді құрады.

A. «Рахат» кондитерлік фабрикасы

B. «Баян Сұлу» кондитерлік фабрикасы

C. «Қарағанды кәмпиттері» кондитерлік фабрикасы

D. «Красный октябрь» кондитерлік фабрикасы

E. «Алматинский продукт» кондитерлік фабрикасы

32. Мұхиттық аралдағы ең биік шың:

A. Джая

B. Гора Кука

C. Косцюшко

D. Руапеху

E. Таунсенд

33. Қазақ әдебиетінің ойшыл, ақын, жазушысының құрметіне аталған мұздық қандай тау алабында орналасқан?

A. Іле Алатауы

B. Күнгей Алатауы

C. Қалбы жотасы

D. Талас Алатауы

E. Жетісу Алатауы

34. Қазақстан аумағының қанша % - ын шөптесін өсімдіктерге бай зона алып жатыр?

- A. 14%
- B. 41%
- C. 27%
- D. 32%
- E. 51%

35. Макарон және ұн тарту өнеркәсібі жақсы табыспен, макарон өнімдерінің 38 түрін, ұн және оған байланысты өнімдерді өндіретін жетекші кәсіпорын. Ол 1996 жылы құрылған компания. Құрамында 200 жұмысшысы бар, өзінің қызметін Қазақстанның 11 аймағы мен 7 мемлекетте іске асырады. Өнімдерін Ресей, Украина, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Ауғанстан, Монғолия, Түрікменстан, Литва, Белоруссия, Германия, Қытай елдеріне экспорттайды.

- A. Цесна
- B. Алтын Диірмен
- C. Алтын дән
- D. Сұлтан Маркетинг
- E. Қызылжар Бидай

Барлығы: 35 ұпай

**БАРЛЫҒЫ: 50 ҰПАЙ**

**2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ОЛИМПИАДАСЫ**  
**ГЕОГРАФИЯДАН ТЕОРИЯЛЫҚ ТҮР ТАПСЫРМАЛАРЫ**  
**11 СЫНЫП**

**Тапсырманы орындау уақыты – 90 мин**

**1 – Тапсырма.** Келесі ұғымдарға анықтама беріңіз: пролювий, трансгрессия, мальтусшілдік, коалиция, аннексия (Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай. **Барлығы 5 ұпай**).

**2 – Тапсырма. (Барлығы 10 ұпай)**


А) Саяхатшыларға, экзотикалық сапарға қызығушыларға арнап ғылыми-танымал мақалалар жазатын журналистке көмектесіңіз – мақалалар үзінділерінен нашар сақталған, бірақ энциклопедиялардағы беделді аумақтарды анықтау, сұрақтарға жауап беру: «... бұл дүниежүзіндегі ерекше шөл, ол материктердің біреуінің оңтүстік-батыс жағалауындағы құрғақ жолақты алып жатыр, ені шамамен 100 км». Бұл қандай шөл және ол қандай мемлекеттердің аумағында орналасқан? Шөлдің ерекшелігі неде?... «Егер ені бойынша ажыратсаңыз ... шөлде тропикалық белдеуге тән ыстық климат, бірақ ...». Расында осылай ма? Неліктен? Жоғарыдағы сипаттамаға әлемдегі шөлдердің қайсысы сәйкес келеді? Бұны қалай түсіндіресіз. (Сұрақтарға дұрыс жауап бергені үшін 1 ұпайдан. **Барлығы 4 ұпай**).

Б) ХХІ ғасырда қалалардың қоғам өміріндегі маңызы арта бастады. Олар адамзат тіршілігінің ірі орталықтарына айналғаны сонша, қалалардың қоршаған ортаға әсері зор болды, бұл төмендегі суретте сызба ретінде көрсетілген. Метеорологияда берілген құбылысқа байланысты арнайы атау пайда болды. Құбылыс атауын табыңыз, оның қалыптасуына алып келетін факторларды атаңыз. Суреттегі изосызықтар қалай аталады? Олар қандай өлшем бірлікте жазылған (қандай шкала)? Оның әсері үлкен қалада, әлде кіші қалада барынша анық байқалады? Неліктен? (Сұрақтарға дұрыс жауап бергені үшін 1 ұпайдан. **Барлығы 4 ұпай**).



В) Төменде берілген аумақтар қазіргі уақытта және бірнеше мемлекеттегі белгілі бір саяси үдерісті біріктіреді (құбылыстар). Бұл қандай үдеріс? Қандай аумақтарда минералды-ресурстық факторлар маңызды рөлге ие болады? Аумақтар: Белуджистан, Шан, Дарфур, Кабинда, Йорубаленд, Вазиристан? Сұрақтарға дұрыс жауап бергені үшін 1 ұпайдан. **Барлығы 2 ұпай**).

**Тест тапсырмалары**  
(әр дұрыс жауапқа 1 ұпай)

1. Қазақстандағы көлдердің атауы мен олардың аудандарына сәйкес қатені табыңыз.
  - A. Балқаш – 16 400 км<sup>2</sup>
  - B. Зайсан – 2810 км<sup>2</sup>
  - C. Каспий теңізі – 371000 км<sup>2</sup>
  - D. Алакөл – 2200 км<sup>2</sup>
  - E. Теңіз – 1590 км<sup>2</sup>
2. Ұзындығы 200 км созылып жатқан Қазақтың ұсақ шоқысының шығыс жағындағы тау жотасы:
  - A. Ақтау
  - B. Қаратау
  - C. Ерейментау
  - D. Ұлытау
  - E. Шыңғыстау
3. Кез келген проекцияда бұрмалану болады. Қандай бұрмалану болмайды?
  - A. ұзындықтар
  - B. бұрыштар
  - C. аудандар
  - D. азимуттар
  - E. масштаб
4. Бұрмалану сипаты бойынша проекциялардың қандай түрі болады?
  - A. тең шамалы
  - B. көлденең
  - C. стереографикалық
  - D. қисық
  - E. азимуталдық
5. Топографиялық карталарда мына белгі  нені білдіреді?
  - A. сирек орман
  - B. жайылымдар
  - C. бұталар
  - D. құдықтар
  - E. жеміс бақтары
6. Ежелгі және кейінгі мұз басу аумақтарында жер бетінің өте баяу тік және көлденең қозғалыстары қалай аталады?
  - A. фенноскандия
  - B. гляциоизостазия
  - C. экзарация
  - D. абляция
  - E. осцилляция
7. «Карлингтер» деген не?
  - A. асимметриялық жартастық дөңіс жерлер, олар мұздықтармен тегістеліп, аңғарларда орналасады
  - B. трог беткейі бойындағы науа тәріздес ойықтар
  - C. цирк пен каралар арасындағы тікжартасты пирамида тәрізді шыңдар
  - D. Мұздықтан қалыптасқан, астау тәрізді, эрозиялық аңғар
  - E. жерасты суларына шығатын көлденең жартасты шоңғалдар
8. Қазақстандағы құрылыс материалдар өнеркәсібі ұсынады:
  - A. Байланыстырғыш материалдар өндіру
  - B. Ағаш құрылмаларын дайындау

- C. Болат арқауларын (арматуралар) дайындау
- D. Минералдық шикізатты өңдеу
- E. Минералдық құрылыс – шикізаттарын өндіру
9. Елдің экономикалық және әлеуметтік деңгейін анықтайтын көрсеткіш:
- A. елдегі қызмет көрсету мен барлық өндірілген өнімнен экспорттың үлесі
- B. елдегі қызмет көрсету мен барлық өндірілген өнімнен импорттың үлесі
- C. ЖІӨ құрылымындағы кен игеру өнеркәсібінің үлесі
- D. халық санының өсу көреткіші
- E. жан басына шаққандағы импорт көрсеткіші
10. Қазақстандағы ірі өнеркәсіп кәсіпорны. Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігінде болған, бірақ кәсіпорындардың бірігуі нәтижесінде жеке меншік иелігіне өткен болатын. Бақылау пакеттерін Glencore International швейцариялық компаниясы сатып алған.
- A. ОАО “Алюминий Казахстана”
- B. АО “Испат-Кармет”
- C. ОАО “Корпорация “Казахмыс”
- D. ОАО “Казцинк”
- E. АО “Мангистаумунайгаз”
11. Қазақстан Респбликасы төменде көрсетілген ұйымдардың қайсысына мүше емес:
- A. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
- B. Ұжымдық қауіпсіздік келісімі
- C. Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымы
- D. демократия мен экономикалық дамуға арналған ұйым
- E. Ислам даму банкі
12. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында әлемде 71 егеменді мемлекет болды. 1947 жылы ... мемлекет болды.
- A. 81
- B. 91
- C. 131
- D. 156
- E. 160
13. «Варягтардан гректерге апарар жол» деген нені білдіреді?
- A. Римнан Афиныға апарар жол
- B. Финляндиядан Англияға бағдар
- C. Солтүстіктен Латын Америкасына бағытталған жол
- D. Солтүстік және Оңтүстік Еуропа арасындағы жол
- E. Скандинавиядан Орта Азияға апарар жол
14. Қытай Халық Республикасы төмендегі мемлекеттердің қайсысымен шектеспейді?
- A. Қырғыстан
- B. Ауғанстан
- C. Бутан
- D. Вьетнам
- E. Тайланд
15. Молук аралдарының тарихи атауы қандай?
- A. жұмақ аралы
- B. інжу аралы
- C. алмаз аралы
- D. дәмдеуіш аралы
- E. қазыналар аралы
16. Танзания, Кения, Уганда, Бурунди және Руанда құрған Кедендік Одақ қалай аталады?
- A. Африкалық ынтымақтастық ұйымдары
- B. Африкалық экономикалық қоғам
- C. Оңтүстік-африкалық кедендік одақ

- D. Шығысафрикалық қоғамдастық  
E. Африкалық одақ
17. Төменде көрсетілген мемлекеттердің қайсысы Еуропалық одаққа ең соңынан кірді?  
A. Мальта  
B. Словакия  
C. Греция  
D. Болгария  
E. Чехия
18. Германия аумағына жатпайтын аймақты көрсетіңіз:  
A. Бавария  
B. Саксония  
C. Гессен  
D. Бургенланд  
E. Тюрингия
19. Халықаралық тауар ұйымын көрсетіңіз:  
A. Халықаралық кофе ұйымы  
B. Халықаралық күріш ұйымы  
C. Халықаралық қант ұйымы  
D. Азиялық кокос қоғамдастығы  
E. Мақта бойынша халықаралық кеңес беру комитеті
20. Ірі теңіз порты мен мемлекет сәйкестігіне қатысты қатені табыңыз.  
A. Нагоя - Жапония  
B. Нинбо - Сингапур  
C. Пусан – Корея Республикасы  
D. Антверпен - Бельгия  
E. Роттердам – Ниддерланды
21. ЮНКТАД мемлекеттердің төрт тобы бойынша қызмет жасайды. Төменде қандай мемлекеттер тобы артық?  
A. афро-азиаттық мемлекеттер  
B. тынықмұхиттық-австралиялық мемлекеттер  
C. латынамерикалық мемлекеттер  
D. бұрынғы кеңестік мемлекеттер  
E. өндірістік дамыған елдер
22. Қай ғалым өнеркәсіпті орналастыруда «локациялық үшбұрыш» үлгісін ұсынды?  
A. Ф. Шеффле  
B. А. Вебер  
C. В. Лаунгард  
D. Я. Тинберген  
E. Н. Кондратьев
23. Дұрыс тұжырымды таңдаңыз:  
A. ХХІ ғасырдың басында дамыған елдер үлесіне әлемдегі өнеркәсіп өнімі құнының  $\frac{1}{4}$  бөлігі тиесілі болды;  
B. Деиндустриализация бірінші кезекте Азия мен Африкадағы дамушы елдерде өтеді;  
C. Соңғы 50 жылда өнеркәсіптің ЖІӨ-дегі үлесі 40-тан 28%-ға азайды;  
D. жыл сайын өнеркәсіпті орналастыруда табиғи факторлардың маңызы артуда;  
E. 2000 жж. басында мұнайдың бір баррель құны 100 \$ құрады;
24. Ескі салаларды алмастыратын, жаңа, заманауи өндірістердің дамуы:  
A. джентрификация  
B. жаһандану  
C. кластерлеу  
D. диверсификация  
E. реиндустриализация

25. Дамыған елдерде тасымалдау саны бойынша (40%) көшбастайтын көлік түрі қандай?
- A. авиациялық
  - B. жеңіл көлік
  - C. темір жол
  - D. құбыр
  - E. теңіз
26. Мексика шекарасын бойлай орналасқан АҚШ штаты?
- A. Оңтүстік Дакота
  - B. Монтана
  - C. Канзас
  - D. Индиана
  - E. Аризона
27. Қай мемлекет Киота хаттамасын ратификацияламады?
- A. Жапония
  - B. Канада
  - C. АҚШ
  - D. Ресей
  - E. Франция
28. Марокконың ежелгі астанасы?
- A. Рабат
  - B. Касабланка
  - C. Марракеш
  - D. Фес
  - E. Танжер
29. Төмендегі мемлекеттердің қайсысы АҚШ-пен «қауымдастырылмаған»?
- A. Кайманов аралдары Республикасы
  - B. Микронезия Федеративті Штаттары
  - C. Солтүстік Мариан аралдары Достастығы
  - D. Маршалл аралдары Республикасы
  - E. Палау Республикасы
30. Төмендегі тізімінен дуалистикалық монархия орнаған елдерді көрсетіңіз.
- A. Бахрейн, Люксембург, БАӘ
  - B. Ұлыбритания, Жапония, Швеция
  - C. Ватикан, Сауд Арабиясы, Лихтенштейн
  - D. Швеция, Испания, Андорра
  - E. Марокко, Лесото, Свазиленд
31. Әлемдегі бірінші ірі трансұлттық корпорация қайсы?
- A. Австрия-Венгерлік
  - B. Голландық Ост-Үнділік
  - C. Рим-Италяндық
  - D. Португал-Испандық
  - E. Шығыс Азиаттық
32. Танзанияда «ұжымшарлар» мен «кеңшарлардың» ұқсас бірлестіктерін қалай атайды?
- A. Кибуц
  - B. Кигали
  - C. Виндхук
  - D. Уджамаа
  - E. Уагадугу
33. Қандай мемлекетте балқарағай ұлттық белгі болып саналады?
- A. Ирак
  - B. Иран
  - C. Ливан
  - D. Суринам



Е. Эквадор

34. Төмендегі берілген Африка елдерінің ішінен ЖІӨ-де ауыл шаруашылық үлесі жоғары мемлекетті табыңыз.

А. Конго

В. Габон

С. Сомали

Д. Нигерия

Е. Ангола

35. Қандай елдер ұлттар герман тіл тобына жатпайды?

А. австриялықтар

В. француздар

С. голландықтар

Д. немістер

Е. ағылшындар

**Барлығы: 35 ұпай**

**БАРЛЫҒЫ: 50 ҰПАЙ**